

**КӨП МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕТІН ПРОСОДИКАЛЫҚ  
ПАРААМАЛДАР  
POLISEMY OF PROSODIC PARAELEMENTS**

С.МАҒЖАН\*

**Түйіндеме**

Мақалада тілде кездесетін көп мағынаны білдіретін просодикалық параамалдар қарастырылады. Паралингвистикалық амалдар тіл білімінде жан-жақты зерттеліп жүр. Соның ішінде просодикалық амалдар аз зерттелген. Просодикалық амалдардың көп мағына білдіретіндігі сөз болып, бұл категорияның әлі де зерттеуді қажет ететіндігі көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** паралингвистика, просодика, полисемия, дауыс, тон, бейвербалды, вербалды.

**Summary**

This article deals with the prosodic paraelements having different meanings in speech. Paralinguistic elements are studied widely in linguistics. However prosodic paraelements demand more research. The article concludes that the need for a detailed research of prosodic paraelements in linguistics.

**Key words:** paralinguistics, prosody, polisemy, voice, tone, non-verbal, verbal.

Көп мағыналылық қазақ тілінде қосымша морфемадан бастап, мәтінге дейінгі аралықта кездеседі [1, 75]. Сондай-ақ тілдік жүйенің дәл осы ерекшелігі тіл арқылы коммуникативтік функцияның іске асуы нәтижесінде жалқы мағыналылықтың немесе моносемияның жасалуына, оның үстемдігінің пайда болуына өз әсерін тигізеді. Мәселен *арқадан қағу, бас изеу* құптаудан өзге, басқа мағыналарды білдіре береді. Немесе *бәрекелді, дұрыс екен* деген сөздердің кекету, мысқылдау мағынасында жұмсалуды мүмкін. Ал олардың оқушы, қабылдаушы, тыңдаушы, әңгімелесуші екінші адам тарапынан болжанатын көп мағыналылығынан арылуына, коммуникация кезінде жалқы мағынаны білдіруінде мәнмәтіннің атқаратын рөлі айрықша болады. Мысалы:

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.  
Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University, Turkestan- Kazakhstan, E-mail: [magjan\\_saule70@mail.ru](mailto:magjan_saule70@mail.ru)

– *Бәрекелді!* – деді ол езуін қисайта күліп, – деген сөйлемді алайық. Бұл жерде құптаудың, қостаудың тіпті нышаны да жоқ, керісінше, жаратпау байқалады, сарказм элементінің араласып тұрғаны сезіледі. Бұл жердегі аталмыш сөздің нақты қай мағынада жұмсалып тұрғанын мәнмәтін көмегінсіз айыру мүмкін емес. Жай ғана:

– *Бәрекелді!* – деп жазылып тұрса да, біз осы сөздің қоршауын іздей бастаймыз. Ол қоршау мәнмәтінге, тіпті үлкен көлемді мәтінге де алып келетін кездері болады. Бірақ біз дәл осы жерде мәнмәтін туралы ғана сөз қозғаймыз. Яғни мәнмәтін ойды нақты жеткізудің нақты құралы болып тұрғаны айқын. Осы жердегі ойдың мысқыл, әжуа түрінде айтылғанын одан әрі нақтылай түсудегі *езуін қисайту* ишаратының қызметі де ерекше байқалатынын айту керек.

Көп мағыналылық пен жалқы мағыналық бір-бірімен тығыз байланысқан бір нәрсенің екі жағы, екі полюсі тәрізді. Бұл екі тілдік құбылыстың аралығында сөйленістер мен мәтіннің нақты бір тілдік актідегі айқындығы, нақтылығы үнемі өз-өзінен дәлелденіп, тілдегі көрінісін тауып жатады.

Көп мағыналылық – тілдік жүйенің субстанционалды белгісі. “Функционирование языка не подчинено имманентным законом формирования его структуры, а определяется необходимостью выражения конкретного опыта, т.е. в факте формирования определенного сообщения об определенном явлении” [2, 95].

Көп мағыналылық бейвербалды амалдардың барлық түрлерінде көрініс табады. Айталық тілдегі просодикалық амалдар мәтінде бірнеше көп мағынаны білдіре алады. Мысалы:

#### **Күрсіну, жабырқауға байланысты амалдар**

Маңымыздағы көршілерімізге, көп кедейге қарап, бізден де кедей бар, бізден де жалаңашы бар, бізден де қарны ашы бар ғой. Өлмей жүр ғой солар да, дейміз. Еңбегімізді емейік деп, күн-түн бой жазбай сол тамақ, кәсіп соңындамыз! – деп *күрсіне түсіп*, Дәмежан ойлы жүзбен өз жайын аяқтады (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 11-бет).

#### **Шошынуға байланысты амалдар**

Жәбікен әйелімен екеуі осы қалада жұрт аузына жайылған сөзді сұқтанып, шошынып айтысады.

– Адамның демі суынып кетеді екен.

– Қол-аяқ мүлде тастай боп қалады!

– Сөйлеген *үні* көрден шыққандай қатты *бұзылып кетеді* деседі (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 12-бет).

### **Бұйыруға байланысты амалдар**

Әлі де жеңілгенін білмей тағы да жауап айтқысы келген өзі құрбылас ағайыны Мұхаметжанға ол енді *бұйыра сөйледі*.

– Жә, тоқтат, қыртпа! Жеңілгеніңді білетін болсаң, сен Бестіқырт аталар ма едің? – деді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 8-бет).

Сармолла бұларды тыңдап болып, салқын қабақпен, қысқа, *қатаң* жауап берді.

– Жаназаға бір ғана дін ұстазы барсын. Хатімді бір ғана адам жасасын. Ас ішу болмасын. Жаназа, фидия, хатімге босқа барып, текке үнсіз отырып, ақша, пұлды түпсіз терең қалталарына жітіре беретін қариялар, мәзіндер тоқталсын! – деді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 20-бет).

Намаз оқылып болған соң зор дауысты семіз Самұрат жаңағы Сармолла тұрған алаңға шықты. Ширақ қозғалып, халыққа қол көтерді де: "Жамағат!" – деп екі-үш рет *үн қатты*. Намаздан тарамай бұған қарай қалған жұртқа ол сартылдаған үнмен бар сөзін анық сөйлеп жар етті.

– Жамағат, сабыр етіңіз! Тарамаңыздар! Ишан, қазірет қазіргі жұмға намазы ақырында хұтпа оқиды! – деді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 25-бет).

### **Ашулануға байланысты**

Абай енді ыза болды. *Қатты зекіп* сөйледі.

– Жә, ішер асыңды іштің! Айтарлық, Құдай аманаты, бос мылжың сөзіңді айтып болдың. Енді тұр, тарта бер! Менде не ақың бар? Кімді халқым дейтінімді сендердің біліп нең бар! Бар, бара беріңдер! – деді де, үш Ырғызбайды суық көзімен, қатал түсімен қаймықтырып осы үйден ұзатып салды (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 15-бет).

Сармолла әр сөзді өзінің өш, күндес молла, халфелерін жамандауға сая берген соң, Абай бір кезде оны *қатқыл үнмен*, сынап сөйледі:

– Сармолла, сабыр! Шағир айтпап па еді: "Кісінің бір ғайыбын маған айтып келген адам, менің жүз ғайыбымды кісіге де барып айтар" – деп. Мынадай қалың қаза, қайғы уақытында өштік-қастықты алдымен айтпай қоя тұрсаңызшы! (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 18-бет).

Ширығып, *қатаң үнмен* сөйлеп кетті.

– Ей жұрт, мынау көрінеу қиянат қой... Бас салып бақыртып, тонап жатқан деген осы емес пе жарлы менен жазықсызды? – деп жолдастарының жүзіне қарап өтті (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

Абай *ашулы үнмен* енді әмір ете сөйледі:

– Мағаш, Дәрмен! Бар екеуің! Мына Әбдіге еріп тез жетіңдер сол жанжал жерге. Айт Әзімбайға тоқтатсын орақ салғанын. Жылатпасын мынау елді! – деп кесіп-кесіп бұйрық айтты (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

Біз ормаймыз, сен ора ғой деп қашан айттық? – деп Сержан, Асқар, Әбділер *қатулана* сөйледі (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

Әзімбай *ақыра* жөнелді:

– Тоқтамайды! Бұйрық айтпақсың ба маған? Аш көзіңді.

– Тоқтайды... Тоқта! Әй, орақшылар, тоқта былай! – деп Әбді атынан түсе қалды (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

Мәзін мен қари да орындарынан атып тұрысты. Айқайлауға мұршалары болмаса да, *ұрса сыбырлап*, бүліне *күбірлеп* кетті.

– Сіз діннен шығарсыз!

– Сізге шариғат хүкімі керек!

– Сіздің күпірлігіңіз халден асқан.

– Астағфиралла, не дейді?

– Нәмәрт! – десіп, Сармоллаға арналған ыза мен кек қайнай бастады (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 20-бет).

Бұл сөзді Сармолла осымен екінші рет айтқан. Соған орай елден келген атқамінер тобының бір адамы *қатты дауыс* беріп, қатулана килікті.

– Ой, моллеке, осы Абай, Абай деп қайта-қайта қоймайсың. Сол Абай туралы не білуші ең өзің! (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 29-бет).

Сен кәззәпсің! – деп Самұрат мәзін де жағын тістеп, екі көзі қанталап ұмтыла түсіп еді, Сармолла осы кезде қатты ашуланып *айғайлап* жіберді:

– Тоқтат харақат сөздеріңді. Болмаса, қазір-ақ мен махалла халқын жиямын. Кім кәззап, кім залым, кімдер ұры екенін қазір осы арада ашып, шешуін талап етемін! – деді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 32-бет).

**Жақтырмауға байланысты амалдар**

Шұбар қасындағы Көкбайды түртіп:

– Заржағын қарашы! – деді. Жігітті жақтырмай, мұрнын шүйіріп тұр. Шұбар жақтырмай, *тыжырынып күле* түсті:

– Сенің аузыңдағы сөзіңді айтқам жоқ. Өзімнің ойымдағы байлауымды айттым. Сенің жазатыныңды менің айтатыным не? Өзім айттым, өзім жазам (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

### С. Мағжан. Көп мағынаны білдіретін просодикалық параамалдар.

Өзінің екі дұшпаны – соқыр қари мен Самұрат мәзінге бар сөзін әдейі *қадай сөйледі*. Егесе түсіп:

– Әрбір адам өлген үйге бара бермесін, ауру таратпасын, одан да инсап ойласын! – деп қызына түрегелді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 20-бет).

Ұзын бойлы, ұйпаланған сары сақалды біреуі аласа бойлы тықыр қараға әзіл айтпақ болады.

– Сені мынау жақсы адамдар оба десе, сен ғой ұятсыз, алдайсың! – деп біресе сақылдап, біресе *ырсылдап күледі* (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 40-бет).

Қорытындылай келе, тілде кездесетін бейвербалды амалдардың бір түрі ретінде қарастырылатын просодикалық параамалдың көп мағына білдіре қолданылатынын мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетуге тырыстым. Моносемиядан полисемияға ауысатыны ғылымда дәлелденді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі*. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 381 б.
2. Бондарко А.В. *Грамматическое значение и смысл*. – Л.: Наука, 1978. – 95 с.